



Қазақстанның тауар айналымына шолу

ҚАЗАҚСТАН
ҚАРЖЫГЕРЛЕР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



АССОЦИАЦИЯ
ФИНАНСИСТОВ
КАЗАХСТАНА

2025 жылдың қаңтар-қыркүйек аралығы


Кезеңнің негізгі үрдістері:

- 2025 жылдың қаңтар-тамыз айларында Қазақстанның тауар айналымы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,1%-ға төмендеп, 90,2 млрд долларды құрады. Бұл нәтижеге ең көп әсер еткен фактор – экспорттың 5,7%-ға қысқаруы, ал импорт есе 2,8%-ға өсті.
- Экспорт құрылымында 8 айдың қорытындысы бойынша негізгі төмендеу минералдық өнімдерге (-\$3,4 млрд) және көлік құралдарына (-\$640 млн) тиесілі. Бұл әлемдік шикізат бағасының төмендеуін және өнеркәсіптік өнімге сыртқы сұраныстың әлсіреуін көрсетеді.
- Сонымен қатар, жалпы экспорттың төмендеуі жануар және өсімдік тектес өнімдер жеткізуден түскен кірістердің \$1,2 млрд-ға өсуі есебінен біршама өтелді. Бұған азық-түлікке әлемдік бағалардың 1,4 т.п.-ға (FAO ТБИ) өсуі мен экспорт көлемінің 40%-ға артуы себеп болды.
- Елдің негізгі бес сауда серіктесі – Қытай (\$21,1 млрд), Ресей (\$17,0 млрд), Италия (\$11,3 млрд), Нидерланд (\$4,0 млрд) және Түркия (\$3,4 млрд) жалпы тауар айналымының 63%-ын құрайды. Бұл олардың экономикалық ахуалындағы өзгерістердің Қазақстанның сыртқы саудасына айтарлықтай әсерін көрсетеді. Соңғы үш елмен қалыптасқан \$14,8 млрд оң сальдо Ресей мен Қытаймен болған \$8,8 млрд теріс сальдоны \$6 млрд-ға жабады.
- 2025 жылдың қаңтар-шілде айларында дайын өнімдер экспортының үлесі 33,5%-дан 30,8%-ға дейін төмендеді. Бұл құлдырау тек сыртқы сұраныстың әлсіреуін ғана емес, сондай-ақ ішкі құрылымдық шектеулерді де (өндірістің жеткіліксіз жергіліктенуі, импортқа технологиялық тәуелділік, шетел тарапынан өсіп келе жатқан бәсекелестік) білдіреді.


- Импорт құрылымы машина жасау және агроөнеркәсіп өнімдері жағына ығысты – көлік құралдары (+\$592,9 млн), химия өнеркәсібі (+\$428,7 млн), мал және өсімдіктер өнімдері (+\$208,4 млн). Бұл ішкі тұтынудың өсуімен және ішкі өңдеуші өндіріс ұсынысының шектелуімен байланысты.
- Импортталатын жекелеген тауарлар арасында баға жағынан елеулі өсім байқалды: үй жиһазы (+\$874,6 мың, тоннасы Т3,7 млн-ге дейін), шоколад пен какао өнімдері (+\$742,3 мың, тоннасы Т2,6 млн-ге дейін), тоңазыту жабдықтары (+\$323,0 мың, тоннасы Т2,7 млн-ге дейін), сондай-ақ сүт пен кілегей (+\$252,0 мың, тоннасы Т1,0 млн-ге дейін). Импорт бағасының қымбаттауы тек сыртқы баға факторларын ғана емес, валюталық ауытқуларды да көрсетеді.
- Қазақстандағы инфляцияның 2025 жылдың 8 айындағы үдеуі (12,2%-ға дейін) негізгі сауда серіктестеріндегі тұтыну бағаларының төмендеуімен айқын қарама-қайшы келеді: ЕО – 2,0%, Ресей – 8,1%, Қытайда дефляция –0,4%. Бұл айырмашылықтар инфляцияның құрылымдық себептерінен туындайды (Қазақстанда – ТКШ және ЖЖМ реформалары, фискалдық ынталандырулар, айырбас бағамының құбылмалылығы, импортқа тәуелділік, логистика мен қызмет көрсету шығындарының өсуі және т.б.).
- Маңызды факторлардың бірі – рубльдің теңгеге шаққандағы 36%-ға айтарлықтай нығаюы, ол импортқа, экспортқа және ішкі бағаларға бәсекелестік тетігі арқылы әсер етуде.
- Осылайша, ағымдағы жылы сыртқы сауда жиынтық ЖІӨ-ге теріс үлес қосуда. Бұл теңгерімсіздік, сондай-ақ дайын өнімдер экспортының үлесінің төмендеуі, сауда балансына, ағымдағы шоттың тұрақтылығына және айырбас бағамы күтулеріне тікелей қысым көрсетіп отыр.

Қазақстанның тауар айналымы

Жиынтық тауар айналымы, млрд доллар



8А25 ж үшін 10 ең ірі серіктестермен тауар айналымы




Экспорт және импорт құрылымы

Экспорт құрылымы, млн доллар




Импорт құрылымы, млн доллар




Тауар бағаларының өсуінің Қазақстандағы инфляцияға ықпалы

Шетелден әкелінетін тауарлар бағасының өзгерісі, (мың теңге)




Инфляция және тауар айналымының динамикасы



Тауарлар мен қызметтердің жиынтық айналымы және дайын өнімдер экспорты

Тауарлар мен қызметтердің жиынтық айналымы



Дайын өнімдер экспортының динамикасы



Дереккөз: ҚРҰББ, РФОБ, EuroStat, ҚР СЖРА ҰСБ

© Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, 2025

Резюме

Ағымдағы жылы Қазақстанның сыртқы саудасы макроэкономикалық тәуекелдердің күшеюімен және теңгерімсіздіктердің артуымен сипатталады. Импорттың құрылымы көлік құралдары мен агроөнеркәсіп салаларының пайдасына ығысып, бұл ішкі өңдеуші өндірістің шектеулерін және өсіп келе жатқан ішкі сұранысты қанағаттандыру үшін жеткілікті жергіліктену деңгейінің жоқтығын айғақтайды.

Жоғары инфляция, негізгі сауда серіктестерінің деңгейінен асып түсіп, олардың ТБИ динамикасынан алшақтап отыр. Бұл сыртқы және айырбас бағамына байланысты баға шоқтарының ішкі экономикаға берілуін күшейтеді. Нәтижесінде, отандық өндірушілердің баға бойынша бәсекеге қабілеттілігі төмендеп, экспортқа бағытталған салалардың әлеуеті әлсіреуде.

Ішкі шығындардың өсуі мен импортқа тәуелділік экономиканың сыртқы шоқтарға осалдығын арттырып, ел ішінде ақша-кредит саясатын жеңілдетуге мүмкіндік беретін кеңістікті шектейді.

Қысқа мерзімде ішкі тұтыну мен инвестициялық белсенділік аясында импорттың алда өсіп отыру үрдісінің сақталуы күтілуде, ал экспорттың қалпына келуі шикізат нарықтарындағы баға құбылмалылығымен және өңдеуші сектордың әлсіз динамикасымен шектелмек.

Ағымдағы жылдың қорытындысы бойынша жиынтық импорт 64,3 млрд доллар деңгейінде (8 айда – 39,0 млрд доллар), ал экспорт 75,5 млрд доллар деңгейінде (8 айда – 53,2 млрд доллар) күтілуде. Бұл сыртқы саудадағы оң сальдонның қысқаруына және экспорттық сектордың ЖІӨ өсіміне қосатын үлесінің әлсіреуіне әкеледі.